

*С. М. Нұрғалиева,*  
*психология кафедрасының аға оқытушысы*  
*(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)*

### **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Ұлтымыздың болашағын, ұрпағымыздың келешегін ойласақ, ең алдымен бүгінгі жеткіншектеріміздің білімді, білікті азаматтар болып өсуіне қам жасау — басты мұратымыз болуы тиіс. Қазіргі дүние қарыштай дамып, қай салада болмасын, ұдайы өзгерістер жүріп жатыр. Білімде тез ескіретін болды, оны үнемі жаңартып отыру керек. Яғни, үздіксіз оқып, өздеңгейінді үнемі арттырып отыруың қажет. Тура мағынада айтсақ, өмірбойы оқу қажеттілігі туды. Өйткені білім арқылы ғана адамның әлеуетін көтеріп, тұрмысын жақсартуға болады. Қазіргі уақытта ұрпақтан-ұрпаққа өмір тәжірибесін беруді жүйелі жүргізетін — мұғалім. Ал жастарды өмірге дайындау, қоғам талап етіп отырған деңгейде мұғалімдерді дайындаудың қажеттілігі ұдайы өзгерісте болады. Осыған байланысты А. Байтұрсыновтың мектепке керектісі білімді, әрі педагогика мен әдіс-төмеден хабардар, оқыта білетін мұғалім екендігі жөніндегі айтқан пікірі бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ<sup>1</sup>.

Кәсіби білім берудің негізгі міндеті — болашақ кәсіби оқыту педагогының субъект функциясына сәйкес құралдарды жүзеге асыру және оларды практикалық іс-әрекетте қолдану іскерлігін қалыптастыру, педагог бойындағы кәсіби іскерлік қасиеттер мен қабілеттерді дамыту. Осыған орай білім беру ісімен ұлттық тәрбиені ұштастыра отырып, болашақ мамандарды іскер, өмірге бейім, адамгершілік қасиеті мол, жеке басының мүмкіндіктерін бағалай білетін, саналы, әдепті азамат етіп тәрбиелеу міндеті тұр. Бұл үшін адам өмірінің түрлі аспектілері жайлы білімнің болуы, интеллектуалды және физикалық құралдарды игерудің тәжірибесі, әртүрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен әрекеттесу қабілеті болу керек.

Мұғалім — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық шығармашылық қабілеті мол тұлға. Қай заманда, қандай реформа болмасын мектептің басты тұлғасы — мұғалім. Олай болса жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды дайындаудың жауапкершілігі өз алдына өзекті мәселе болып қала бермек.

Ұстаздық шеберлікке баулу, жоғары педагогикалық оқу орындарында жекелеген мамандыққа байланысты пәндерді оқытумен жүзеге асырылады. Бұл пәндердің негізінде болашақ мамандардың кәсіби білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда оқытудың белсенді әдістері маңызды орын алады. Болашақ педагогтар кәсіби мамандықты меңгерумен қатар педагогикалық шеберліктің өзіне тән ерекшеліктерін білуі қажет. Қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесінде білім берудің жаңа модулін құру мен сынақтан өткізудің оны енгізудің жауапкершілікті міндеті тұр.

Бұның негізінде белгілі бір білім деңгейінің міндеттерін және мақсаттарын ескеру негізіндегі кәсіби білімді стандарттау жатыр. Кәсіби білім стандартын жасау келесілерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- базалық деңгейді қалыптастыру;
- білімді жалғастыруды қамтамасыз ету;
- жұмыскердің немесе маманның қажетті минимальды кәсіби деңгейі;
- білім беруді әмбебаптандыру, оқытудың прогрессивті технологияларын енгізу есебінен мамандарды дайындау сапасын арттыру;
- кәсіби білім беру жүйесінің барлық субъектілерді дайындаудың нормативті-құқықтық аспектілерін реттеу;
- кәсіби білімнің мемлекет ішінде және шетелде дәрежесінің артуы халықаралық еңбек нарығына қатысуға мүмкіндік береді.

Оқу процесінің тағы бір бағыты білім беру жүйесін демократизациялау. Білім беруде демократизациялау келесідей жүзеге асты: білімге қолжеткізу, ақысыз жалпы білім, кәсіби

және жоғары білім алуудағы теңдік, адам құқықтары мен бостандығын сыйлау. Білім беру жүйесін демократизациялау процесінде білім берудің дәстүрлі және дәстүрлі емес нысандары да өзгереді. Дамыған елдерде мемлекеттік сияқты жеке секторда да кадрларды дайындаудың болашақ мүмкіндіктері нақты анықталған. Білім беру жүйесінде келесідей талаптар қойылған: қазіргі жаңа тауарлар мен қызметтерді өндіріп, қолдануға мүмкіндік беретін базалық дайындық сапасын арттыру, бір білім беру типінен екіншісіне өтуге мүмкіндік беретін икемді механизм жасау, оқу бағдарламаларын жүзеге асырудағы жауапкершілікті орталықсыздандыру, ұлттық мүмкіндіктерге бағдарлану және бағалау әдістерін жетілдіру.

Болашақ мұғалімдерді даярлаудағы зерттеу жұмыстары үшін көптеген ғалымдардың еңбектері құнды болып табылады. Зерттеудің төмендегідей бағыттары зерделенген: педагогикалық қабілет (Н. Ф. Гоноболин), педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы (Н. В. Кузьмина), мұғалімнің жеке тұлғасы (В. А. Сластенин, А. И. Щербаков), педагогтарды кәсіби іріктеу (Р. М. Хмелюк), педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру (И. П. Раченко), педагогикалық шеберлік (Ю. П. Азаров), педагогикалық іс-әрекет шығармашылық үдеріс ретінде (В. А. Кан-Калик), мұғалімнің политехникалық даярлығы (Ю. К. Васильев), т. б.<sup>ii</sup> Жекелеген оқу пәні мұғалімдерін даярлау қазіргі таңда да кең көлемде жүргізілуде.

Л. М. Митина педагогқа тән келесі психологиялық сапаларды: эрудиция, мақсатқа жетушілік, педагогикалық ойлау, интуиция, тығырықтан шыға білушілік, педагогикалық байқағыштық, белсенділік, тапқырлық, болжай алушылық, рефлексия бөліп көрсетеді.

Осындай кәсіби маңызды қасиеттер мен қабілеттердің жиынтығын Л. А. Шкутина әрбір функция бойынша бөліп қарастырады<sup>iii</sup>. Жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесінде кәсіби оқыту педагогына тән кәсіби маңызды қасиеттердің тізімін жобалап ұсынған. Бұл қасиеттер арнайы іскерлік пен дағдының қалыптасуына көмектеседі. Кейіннен берілген қасиеттер тізімін кәсіби іскерлік қасиеттердің функционалдық бірлігі деп атады.

Аталған әрбір функция өзіндік қызмет атқарады және олардың әрқайсысының өзі кәсіби оқыту педагогының кәсіби іс-әрекет барысында маңызын тигізеді. Сонымен қатар педагог өзінің жұмысын, ісін тиімді етіп ұйымдастыруға, басқаруға көмектеседі. Кәсіби міндеттерді шешу функциялардың түрлерін жүзеге асыру процесінде қамтамасыз етіледі. Берілген функциялардың мазмұны міндетті түрде қазіргі экономика жағдайының талаптарына сай болуы тиіс. Әрбір функцияларға байланысты дамитын және олардың көмегімен жүзеге асатын кәсіби іскерлік қасиеттер мен қабілеттер жоғарыда аталған.

Студенттерді кәсіби бейімдеудің түпкі мақсаты — жоғары мектепте алғаш оқыған күндерден бастап, оларды оқушылық позициядан болашақ педагог позициясына көшіру. Болашақ мамандығына қызығушылық, олардың оқу-тәрбие процесіне бейімделуіне оң әсерін тигізеді, сабақтармен басқа да іс-әрекеттерге қарым-қатынасы жауаптырақ болады.

Кәсіби бағыттылығы — бұл кәсіби іс-әрекетінің қажеттілігі және оған дайындығы, мамандығына қарым-қатынасын анықтайтын жеке тұлғаның интегралды қасиеті. Жеке тұлғаның кәсіби бағыттылығын сипаттайтын қасиеттерге мыналарды жатқызуға болады: кәсіби позиция, кәсіби құндылыққа бейімделуі, себеп-салдар мен дәлелдер, педагогикалық іс-әрекетке қабілеттілігі, қоғамдық белсенділігі, әлеуметтік оптимизм. Кәсіби бағыттылық — қабылдау, ойлау, қиялдау, есте сақтау сияқты барлық психикалық қасиеттерді жұмылдырады және нақты мамандық бойынша белгілі бір пәннің қызығушылығына байланысты олардың дамуын қамтамасыз етеді.

Кәсіби біліктілік — бұл кәсіби оқу педагогының беделі мен абыройы, хабардар болу деңгейі, оқыту-тәрбиелеу мәселелерін тиімді етіп шешуге көмектесетін маман қызметкерлерді дайындау процесінде пайда болатын және басқа адамды жеке тұлға ретінде қалыптастыруда көмек беретін қасиеттер. Кәсіби біліктіліктің құрылымына мыналар енеді: кәсіби-техникалық дайындығы, қоғамдық-саяси жағынан хабардар болуы, психолого-педагогикалық білімдарлық, педагогикалық техника, кең профильдегі жұмыс маманы бойынша іскерлік пен дағды деңгейі және т. б. Осы бөлімдегі міндеттің психологиялық негізі — әрқашанда өз мамандығын жоғарылатуға дайын болуы, яғни жоғары дәрежелі маман болуға дайындығы.

Кәсіби іскерлік қасиеттер — бұл кәсіби іс-әрекетті ойдағыдай табысты етіп орындау мүмкіндігін тудыратын жеке тұлғаның тұрақты қасиеттер жүйесі.

Негізгі кәсіби сапалардың қалыптасуын анықтау және оның деңгейін жоғарылатуды дамытушы кәсіби диагностикалар көмегімен жүзеге асыруға болады. Кәсіби оқыту педагогының кәсіби іскерлік қасиеттері мен қабілеттерінің қалыптасу деңгейін анықтау және оны жоғарылату мәселелері, кәсіби диагностиканың көмегімен жүргізу қажет.

Кәсіби диагностика бүгінгі таңда белсенді түрде талас тудырып отыр, себебі ол әлі де анықталмаған бағдарлама болып табылады<sup>iv</sup>. Сондықтан, кәсіби диагностикаға байланысты әртүрлі анықтамаларды кездестіруге болады. Диагностика — кәсіби іс-әрекетке қызмет ететін, білім беру жолдарын таңдауда ақпараттарды алу мақсатында қолданылады. Осыған сәйкес кәсіби диагностиканы тар мағынада қарастырсақ, танып-білу процесі мен оқу процесін бақылауды және жоспарлауды құрады. Ал кең мағынада, білім беру сұрақтары мен мәселелері бойынша барлық диагностикалық міндеттерді қамтамасыз етеді.

Кәсіби дайындау арқылы тұлғаның көптеген қасиеттері мен сапаларын дамытып, жетілдіру мүмкін болады. Осы қасиеттер мен сапалардың қалыптасу деңгейі психологиялық дайындаудың өлшемдері мен диагностикалық белгілері болып табылады. Ғылым мен практикада кәсіби дайындықтың көпжақтылық сипаты ескеріле бермейді. Осы орайда психологиялық дайындық жайлы тұжырымдарда студенттердің тіршілігіндегі, өмір-жағдайындағы өзара әрекет пен өзара қатынастың шытырман мәселелері шет қала берген. Сондықтан, студенттердің оқу іс-әрекетін, болашақ мамандығын, қарым-қатынас саласын, тұлға ретінде даму процесін жетілдіруге әрқашан олардың психологиялық әзір тұруын қамтамасыз ету керек.

Қорыта айтатын болсақ, кәсіби жеке тұлғаның қалыптасуында психологиялық дайындаудың атқаратын рөлі ерекше екендігін байқауға болады. Студенттердің кәсіби іскерлік қасиеттері және қабілеттері қалыптасуында, оны жан-жақты дамытуда кәсіби оқыту мотивациясының деңгейін жоғарылату, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асыруға болатындығын көреміз. Психологиялық дайындық кәсіби жеке тұлғаның қалыптасу процесін басқаруда, студенттердің кәсіби дамуына байланысты олардың бойындағы кәсіби іскерлік қасиеттер мен қабілеттерді дамытуға көмектеседі.

---

i Купербаева А. Ж. Кәсіптік оқыту оқытушысын дайындаудың дидактикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дис. автореф. — Қарағанды, 2001.

ii Хмель Н. Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. — Алматы, 1998.

iii Шкутина Л. А. Подготовка педагога профессионального обучения на основе интеграции педагогических и информационных технологий: Автореф. дис. ... д-ра пед. наук. — Киров, 2002.

iv Гуревич К. М. Профессиональная пригодность и основные свойства нервной системы. — М., 1980.